

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөліміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 26 шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою тәртібінің 3-тармағына, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 3-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 31-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 79 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөлімі мынадай мазмұндағы 46-позициямен толықтырылсын:

"46. Жиһаз өнімдерінің қауіпсіздігі туралы (КО ТР 025/2012) (қолдану саласын және жиһаз өнімдеріне қойылатын талаптарды нақтылау бөлігіндегі өзгерістер)	Ресей Федерациясы	мүше мемлекеттер	2022 жылғы II тоқсан	42".
--	-------------------	------------------	----------------------	------

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Респуб ликасынан	Беларусь Респуб ликасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республ икасынан	Ресей Федерац иясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	Э. Асрандиев	А. Оверчук

